

изобразительного искусства – благодарное занятие, приятно наблюдать за лицами посетителей, когда видишь неподдельный интерес и понимание увиденного.

В настоящее время музеи играют все более важную роль в жизни и развитии современного казахстанского общества. Они не ограничиваются хранением, изучением и демонстрацией своих коллекций, а берут на себя выполнение более важных задач – просвещение людей, воспитание уважения к культурным ценностям, сохранение культурного наследия. Культурно-просветительская деятельность Рудненского историко-краеведческого музея – знакомство с историей и культурой народов, с особенностями жизни прошлых поколений, развитием искусства, науки и техники – выполняет главную задачу воспитания подрастающего поколения – воспитание гражданственности и патриотизма.

МЕКТЕПТЕГІ АЗАМАТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ ЖОЛДАРЫ

Искакова А.Х.

Озерный орта мектебі

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2007 жылғы “Ұлы мұраттар ұлы ниеттерден бастау алады немесе дамушы мемлекеттен – дамыған елдерге” атты Қазақстан халқына жолдауындағы “Қазақстандық патриотизм мен саяси ерік-жігер – жаңа Қазақстанды құрудың аса маңызды факторлары” атты тарауында “Біз осы таяуда ғана Тәуелсіздігіміздің он бес жылдығын атап өттік. Өткен жолымыз лайықты жол болды, ал біздің бірлескен шешімдеріміз бен тындырған ісіміздің нәтижелері таңданарлықтай болды.

Мұның бәрі де, жаңа жалпықазақстандық патриотизмнің ірге тасын қалап, біздің Отанымыздың, біздің барша көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымыздың, біздің балаларымыздың тамаша келешегі бар екеніне негізді мақтаныш пен сенімділікті туындатады”, – деп Қазақстандық патриотизм жаңа Қазақстанды құрудың негізгі тірегі екеніне тоқтала отырып, халық өзінің ерік-жігерін тарихи ауқымдағы жобаларды іске асыру үшін жұмылдырған кезде жаңа даму деңгейіне жалпықазақстандық патриотизмнің іргесі қаланатынын атап көрсетеді.

Көп ұлтты Қазақстан халқы үшін Отансүйгіштік сезімінің рухани саладағы тату-тәтті тірлік, азаматтық келісімге ғана емес, мемлекеттік материалдық негізін нығайтуға да тікелей ықпалы бар. Отансүйгіштік рух - қазақ елінің әлемдік өркениетті елдер көшіне қосылып, дүниежүзілік қауымдастықтан лайықты орын алуына мүмкіндік беретін бірден-бір күш.

Қазіргі кезде республикамыздың егемендігі мен бейбітшілігін сақтауда тұлғаның патриоттық құндылықтарын дамыту арқылы Қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға үлкен мән беріліп отырғандығы Қазақстан Республикасы Конституциясында, Қазақстан Республикасы “Білім туралы” Заңында, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік “Білім” бағдарламасында, Қазақстан Республикасы Президентінің республика халқына жолдауларында, Қазақстан Республикасы тарихи сананы қалыптастыру, Қазақстан Республикасы мәдени-этникалық білім беру тұжырымдамаларында, “Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында”, “Бала құқығы туралы декларацияда” және үкіметтің құжаттарында, ғылыми-зерттеу жұмыстары мен ағымдағы басылым беттерінде айқын аңғарылды.

Оқушыларға патриоттық тәрбие беруде мектептегі әр қызметкерлердің өзіндік атқарар міндеті бар. Ол әр қызметкерге мектептің жарғысын және ішкі жағдайды орындау Ережесіне сәйкес жүргізілді. Мектепте патриоттық тәрбие беру мәселесін шешу барысында әр қызметкердің – мектеп директорының, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарының, сынып жетекшісінің, пән мұғалімінің орындайтын міндеттері тұтас қарастырылды.

Зерттеу барысында Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына, типтік оқу бағдарламаларына, оқулықтардағы патриоттық тәрбиеге байланысты тақырыптарға талдау жасалып, сұрыпталды. Мектеп оқушыларының бойына патриоттық құндылықтарды қалыптастыруда пән сабақтарына қойылатын негізгі талаптар айқындалды:

- пән сабақтарының мектептегі және сыныптағы жүргізілетін патриоттық тәрбие жүйесімен өзара байланыста жүргізілуі, пән аралық байланыс, өткен тақырыптармен жүйелі сабақтастық, оқушылардың іс-тәжірибесі;

- пән сабақтарының алдына қойылатын мақсатының нақты болуы және педагогикалық тұрғыда негізделуі;

- сабақтың құрылымында патриоттық тәрбиеге арналған мазмұнның қамтылуы, сабақ мазмұнының оқушылардың патриоттық іс-әрекетінің негізі болуы, берілетін білім мен оқушылардың патриоттық іс-әрекеті арасында байланыстың болуы;

- пән сабақтарында оқушылардың патриоттық сезіміне ықпал ететін материалдардың қамтылуы;

- сабақ үстінде оқушылардың танымдық, белсенділік іс-әрекеттеріне ықпал ету, сабақтағы қамтылған материалдар олардың санасына, көңіл-күйіне әсерлі болуын ескеру;

- сабақтың құрылымы, мазмұны, қолданылатын әдістері мен тәсілдерін айқындауда патриоттық бағыттарына баса көңіл аударылуы керек.

Алайда соңғы кезде үлкен мен баланың қарым-қатынасы, мұғалімнің оқушыға деген қарым-қатынасы үнемі байланыспай келгені ешкімге де құпия емес. Балалардың өзінің мұғаліміне деген жақсы көрушіліктен барынша шалғай жатқан қорқыныш, жек-көру, сыйламау сияқты сезімдерді бастан кешіретіні жиі кездеседі. Мұның себебі, мұғалім мен оқушылардың жеке бастарының сапасы мен оқу әдістерінің сапасына байланысты болуы мүмкін.

Мұғалім әрбір сабақты жан-тәнімен беріле оқытуды, бала жанына әсер ететін құндылықтарды қалыптастыруды өзі үшін сақтау қажет. Үлкен адам қай жерде болмасын өзі рухани белсенділік танытатын болса, сол арқылы тәрбие бере алады.

Шын мәнінде жалпы адамзаттық құндылықтар ұғымына енетін өмір құбылыстарының бәрін сабақтардың кез келгенінде көрсетуге болады.

Мектептің рухани – адамгершілік тәрбиесінің міндеттері: өзгені түсіне білуді, жақсылық жасауды, өзара қарым-қатынастардың қоғамдық қабылданған нормаларының бағыт-бағдарларынан адаспау, дау-жанжалды жағдайы бағалау жолымен шешу және одан этикалы шығуды іздеу біліктерін қалыптастыру, берілетін бағалар мұғалім қолындағы қамшыға айналмай, баланың дамуына, білім мен дағдыға үйрену ықпалына әсер етуі қажет.

Бүгінгі таңда үлкендерге балалардың ынтасы мен назарын өзіне аударуға қол жеткізу оңайға түспейді. Баланың рухани – адамгершілік тағылымына кері әсер етуші факторлар: соғыс ойыншықтары, жат қылықты жариялайтын фильмдер, бейнетаспалар және компьютерлік ойындар бар. Сондықтан мектептен тыс кездегі сабақтарды ұйымдастыруда мұғалім барынша тапқырлық танытқаны жөн.

Адамгершілікті, иманды, тәрбиелі адам – кез келген мемлекеттің байлығы, әлеуметтік өмірдегі бейбітшілік пен мәдениеттіліктің кепілі. Осы мақсатта үкіметіміз мемлекеттік идеологиялық тұжырымдар жасады.

Ыбырай атамның ізгі ойлары, талғамы, педагогикалық идеялары көптеп саналады. Қазіргі жастар тәрбиесінде сонымен қатар жас жеткіншектерді тәрбиелеуде мектептің рөлі және сол білім ұясындағы біздер ұстаздардың еңбектерінің жиі кездесетін, сол идеяларға сүйене отырып еңбек жолымызды шыңдау.

Еліміздің үлкен бір проблемасы жастар проблемасы болып есептеледі. Ендеше бүгінгі алға қойған мақсат ыбырай Алтынсариннің еңбек, адамгершілік, азаматтық тәртіп, тәрбие идеяларына тоқталып, қазіргі заман талабымен ұштастыру. Қазіргі мемлекетіміздің алдына қойған мақсаттары да Ыбырай атамның идеяларымен ұштасып жатады.

Ыбырай Алтынсариннің ізімен айтатын болсақ, оның оқулықтарына енгізілген «Ұят кімде болса, иман сонда болады», «Алтын алма, ақыл ал», «ісің ақ болса, тәңірің жақ болар», «Талантты ерге нұр жауар», «Қайырымсыз болса, ханнан без, өткелсіз болса, судан без, асусыз болса, таудан без, пайдасы болса, байдан без, панасыз болса, сайдан без», «Өнерлі өлмес, өнерсіз – күн көрмес», «Оқу түбі - тоқу» сияқты асыл сөздерінен бүгінгі жастардың да ғибрат алатыны сөзсіз.

Бүгінгі нарықтық кезеңде жастарды имандылыққа, адамгершілікке, ізлікке, отансүйгіштікке тәрбиелеудің аса қажетті туып отырған кезде Ыбырайдың ізгілік жөніндегі осы ойларын шәкірттердің жүрегіне ұялатудың, ал ұлт мектептерін Ыбырай дәстүрі негізінде қайта құрудың қажеттілігі туып отыр. Осымен байланысты жастарды ұлттық рух, адамгершілік, азаматтық негізінде тәрбиелеп білім беретін төл оқулықтар жазу кезінде қазақ тілі мен әдебиетіне, тарихы мен географиясына, ұлттық кәсіпке байланысты қол өнері оқулықтарына Ыбырай тағылымдарын баса енгізуді ұмытпаған абзал.

Ыбырай атамның ізгі ойлары мен педагогикалық идеяларына оның ішінде оқушы-жастарды имандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу тәсілдері мен жолдарына айрықша көңіл бөлінеді. Себебі, парасатты-педагог «мектеп - әр шәкірттің қабілетін дамытып, қамқоршы-жасампаз тұлға тәрбиелеу міндетін атқаруы тиіс» екендігін барлық іс-әрекетіміз тамаша дәлелдеп береді. Ал мұғалімнің бойында адамгершілік мінезді-әдептілік имандылықты қалыптастырып, мырашылдыққа, мейірімсіздікке жол бермеу керектігін барлық еңбектерімен тиянақтап кетті. Қазіргі жаңалық деп жүрген ынтымақтастық идеясын сол кездің өзінде-ақ қалыптастырды. Ұстаз, шәкірт, ата-ана және халықтар арасындағы бағалы қасиет-

терлі мәртебелеу, сақтай білу-оқу орнының, педагогикалық ұжым мүшелерінің басты міндеті екендігін жан-жақты көрсетіп, тиянақтап берді.

Ағартушы ақынның өлеңдері болмасын, әңгімелері болмасын қазіргі таңда мазмұны, тәрбиелік мәні мен құндылықтарын жоғалтқан жоқ. Шығармаларының тілі қарапайым, көлемі шағын бола тұра көтерген тақырыбы – бүгінгі күннің де өзекті, көкөйтесті мәселелерінің өміршеңдігі таңқалдырады.

XXI ғасырдың басында да, ғылым мен техника дамуының шыңырау шыңына жеткенде де, жазушы туындылары теңдесі жоқ, әркімге бере мол рухани азық болып отыр.

Патриоттық тәрбиенің маңыздылығы олардың құқықтық және әлеуметтік тұрғыдан қорғалған толық кепілдігімен азаматтардың құқықтары мен міндеттерін қамтамасыз ететін конституциялық еркіндік, экономикалық дамыған, әлеуметтік тұрақты өркениетті, демократиялық мемлекет құру бойынша болып жатқан процестер бірнеше маңызды сапалы жаңа міндеттерді жоғарылатқан жағдайда өседі.

Оқушылардың бойында патриоттық құндылықтарды қалыптастыруда олардың жеке және жас ерекшелігіне байланысты – білімге (білімге деген құштарлық, шығармашылық, танымдық қызығушылықтары, танымдық белсенділігі), қоршаған әлеуметтік ортаға (ата-анасына, мектепке, адамдарға, тұлғаның азаматтық позициясы), қоршаған табиғатқа (табиғатқа сүйіспеншілік қатынасы, экологиялық білім, экологиялық мәдениет), еңбекке (еңбексүйгіштік, еңбекке деген қызығушылық, еңбектің қажеттілігі, болашақ мамандыққа бейімделуі), өзіне деген қатынасы (өзін “тұлғамын” деп қарау, өзіне деген құрмет) қарым-қатынасы арқылы айқындалады.

Руханилық, адамгершілік, толеранттылық базасында әлеуметтік қатынастар ұдайы өндірісінің мобилизация ресурсы ретінде таралудың көбеюі патриотизмге деген кезқарастың соңғы кездері әлеуметтік дамудың маңызды құндылығы ретінде табады. Патриоттық тәрбиені анықтайтын принциптер қатарына келесілерді жатқызуға болады:

- адамның патриоттық санасының әлеуметтік-мәдени детерминациясы;
- оның мінез-құлқының әлеуметтік құндылық жанамалылығы;
- ұрпақаралық рухани құндылық сабақтастығы;
- толеранттылық;
- әлеуметтік ұқсастылық;
- Отанын қорғауға дайындығы.

Ыбырай Алтынсаринның шығармаларының басты тақырыбы – еңбек. Еңбек адамның жетілуі үшін керекті жағдайды жасап қана қоймай, сонымен бірге адамның ар-ұятын өз дәрежесінде сақтап тұруға да көмектеседі. Осы еңбек тақырыбына «Әке мен бала», «Мақта қыз бен мысық» және де т.б. әңгімелері жатады. Әңгімелерінде еңбекті баяндай, сойлете отыра адамгершілікке нұр себеді.

Ыбырай Алтынсаринның балаларды достыққа, жолдастыққа, мейірімділікке тәрбиелеуде көптеген шығармалары бар. Атап айтатын болсақ, «Мейірімді бала», «Жаман жолдас», «Ақымақ дос».

Ыбырай атамның этикалық және эстетикалық көзқарастары құндылығы және маңыздылығы жағынан ерекше орын алады. Мысалы «Жаз», «Өзен» деген өлеңдерде табиғаттың сұлулығы, көкорай шалғынды көркі, күмістей сылдыраған суы, көкжиектің мұнарланған сағымы шебер тілмен суреттеледі. Лирик ақын ақынның бұл өлеңдерін оқығанда, көз алдымызға сол сұлулық елестеп, ақ қағазға түсіруге итермелейді; сол арқылы әлемдік мәдениетке жақындата отыра, туған жерді сүйге тәрбиелейді. Бұл шығармалар жастарды сұлулықты, ғажайып табиғатты сүйе білуге, құрметтей білуге тәрбиелейді. Бұдан Ыбырай атамның жастарға эстетикалық, адамгершілік, азаматтық тәрбие берудің маңызын жоғары бағалағанын көреміз.

Жазушының этика мәселесіндегі шоқтығы биік туындысы – «Әдеп» әңгімесі. Әңгіменің түйіні – кейіпкердің жауабында:

«Ешбір ілім-білім үйренбеген мұжық сонша иіліп, әдептілігін көрсеткенде, мен одан әдепсіз болып қалайын ба?» – деді. Міне, осы әкімнің әдептілігін үлгі ете отырып, сол арқылы кішіпейілділікке, сыпайылыққа баулиды.

Отбасылық тәрбие.

Жүзеге асырылатын міндеттер.

1. А) Мектеп пен отбасыға талдау жасау. Әлеуметтік қорғауды керек ететіндердің есебін алу.

Ә) Әр отбасында адалдық пен мейірімділік, жасы әр түрлі отбасы мүшелерінің рухани жақындығы мен мақсат бірлігіне негізделген тәрбиені пайдалану.

2. А) Бала тәрбиесінде ауыл тұрғындары мен туыстардың жауапкершілігін арттыру.

Ә) Бала өмірінің кезеңдерін есте қаларлықтай мерейлі, мақсатты түрде атап өту.

Б) Ауыл ақсақалы, ауыл ағасы, беделді туыстардың балаға тәрбиелік әсерін, ықпалын тиімді пайдалану.

3. А) Бала тәрбиесіне қоғамдық, әлеуметтік сипат беру.

Ә) Әр отбасын имандылық, адамгершілік тәрбиесінің ошағына айналдыру.

4. А) Отағасы – шаңырақ иесі, қорғаны, асыраушысы, ақылшы, әйелінің пірі.

Ә) Ананы қадірлеу, сүт ақысын өтеу тағылымын жаңғырту, жаңа мазмұн беру.

Б) Жергілікті билік орындар арқылы үнемі отбасы беделін көтеріп отыру
Жоғарыдағы міндеттерді жүзеге асыру жолдары мен құралдары.

А) Жиын, жиналыстарда отбасылардағы игі істерді, бастамаларды, тәрбиелік тағылымды, т.б. үнемі насихаттау.

Ә) Беделді отағасы мен өнегелі отбасы өмір жолы мен тағылымын марапаттау, кездесулер өткізу.

Б) «Ұлын ұяға, қызын қияға» қондырған отбасыларды
үлгі - өнеге ету.

В) Әлеуметтік қорғауды керек ететін отбасыларды қамқорлыққа алу.

Г) Бала тәрбиесіне қатысты мекеме, ұйымдардың (милиция инспекторы, мектеп басшылары, ата – ана комитеті, т.б.) есебін тыңдау.

Ғ) Ата – ана жұртшылығына педагогикалық білім беру, ақпараттандыру ісін жолға қою.

Ыбырай Алтынсаринның Н.И. Ильминскийге жазған бір хатында «мен балаларды жазалауды сүйетін қатал жан емеспін, бірақ тентек етіп өсірсең балалардың адамгершілік қасиетін бұзып аласың» деп жазады. Адамгершілік жөнінде Ыбырай Алтынсаринның айтқандары өз халқына, балаларға деген шын сүйіспеншілігінен туған, сол сияқты қазіргі таңда мұғалімдер мен оқушылар арасында осындай сүйіспеншілік айқын көрінуі тиіс. Бұл жағынан алғанда, ол революциялық демократтар мен орыс педагогикасының классиктерінің негізгі идеяларын терең игерді. Адамгершілікке тәрбиелеу идеясы, ғылым мен білімнің тамаша рөлін түсіне білу, ортағасырлық ислам идеологиясымен, феодалдық патриархальдық құрылыспен күресу – сол заманда күшті рөл атқарды.

Ана мен Отанға деген сүйіспеншілік сезімді бөліп жарып қарауға болмайды, олар өзара ажырағысыз байланыста, – делінеді халық даналығы. Бұл байланыс халық мақал-мәтелдерінде айрықша байқалады, «Отан – елдің анасы, ел – ердің анасы». Халық әйел-анаға деген терең сезімін осы ықшам сөздің ішіне сыйғызған. Бұл баланың өзіне өте жақын адамға деген сүйіспеншілік сезіміне әсер етпей қоймайды, қайта нағыз деген махабаты негізінде рухани тұрғыдан отаншылдық сезім қалыптасып дамиды.

Данышпан әр оқушыны біртұтас жасампаз тұлға деп қарайды. Сондықтан жеке адамның бойынан жоғарыда айтылған адамгершілік қасиеттерінің бәрі табылса біртұтас мінез қалыптасады. Бұлар мектеп қабырғасындағы мұғалімдердің оқушыларға дұрыс, жүйелі, табанды түсіндірумен, балаларға талап қоя білулерімен жүзеге асырылады және ұзақ уақыт қажет етеді.

Бүкіл адамзат қоғамдағы материалдық және рухани байлықтың бәрі де адам еңбегінің құдіреті арқылы жүзеге асады. Әр халық, оның ойшыл дана көмеңгері өскелең ұрпағының өнегелі, өнерлі, еңбек сүйгіш азамат болуын армандап, шаруашылыққа үйреткен.

Кезінде Ыбырай Алтынсарин ашқан қолөнер мектебін қазіргі нарықтық жағдайға лайықтап, ауыл жастары үшін Ы.Алтынсарин атындағы қолөнер мектептері ашылып, жоғарғы сынып оқушылары үшін арнаулы кәсіби пәндер енгізіп, кәулік беруді құптап жатырмыз. Онда ауыл шаруашылығын ұйымдастыру, тоқымашылық, зергерлік, тері өңдеу, киім тігу, жүргізуші-өңдеуші, программист және т.б. мамандар әзірлесек халық та, ұлы ұстаз рухы да риза болар еді.

Ыбырай Алтынсарин туралы ел не дейді?

Заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовтің өзі де Ыбырай туралы былай деген екен: «Қазақтың ең алғаш мәдениеті мектебін жасаумен қатар, жазушылық пен оқытушылықты ол аса түрде қабыстырушы».

Ақынның атақты «Кел, балалар, оқылық!» өлеңі мәдениет, білім жаршысы іспеттес.

Бір құдайға сыйынып,

Кел, балалар, оқылық

Оқығанды көңілге,

Ықыласпен тоқылық!

Небәрі төрт жолдан ғана тұратын осы өлең шумағын бүкіл қазақ даласында білмейтін адам кемде кем. Бұл өлең сол жарық көрген 1879 жылдан бастап, бүгінгі күнге дейін мектеп табалдырығынан аттаған әрбір баланы әліппесі болып келеді. Сондықтан да әрбір қазақ баласының көкірегінде сақталып, жүрегінде жатталып келеді.

Қалың қазақ қауымы үшін таң шолпанындай болып туып, сол сәуледен жылы шуақ боп тараған, халықтың рухани өміріне зор шапағатын тигізген Ыбырай Алтынсарин:

- *Бәріміз бір адамның баласымыз,*

Жігіттер бір-біріңе қарасаңыз

Өмір деген бес күндік өтіп кетер,

Атаң барған орынға барасыңыз, – деп көпшілікті бірлікке, татулыққа, түсінісуге шақырды.

Қазіргі кезде қазақ жастары Ыбырай атмыздың мұрасына ден қойып, тереңірек үңілсе, әркім мәдени азықтанып, бойына адамгершілік, кішіпейілділік, отансүйгіштік, еңбексүйгіштік қасиеттерді сіңіре білер еді деген пікірдемін. ХХІ ғасырда Ыбырай Алтынсариннің есімі қайталанбас орын алды. «Даланың алып қоңырауы» атанған бабамыз туған халқымен мәңгі жасай бермек. 170 жылдық (2011 жылы, қазан айында) мерейтойына дана бабамыздың бай рухани мұрасы жаңадан толықтырылып, өңделіп, тың зетртеулер енгізіліп, шығармаларының толық жинақтары қайтадан басылып шықса деген тілегім бар.

ГРАЖДАНСКОЕ ВОСПИТАНИЕ ПОДРАСТАЮЩЕГО ПОКОЛЕНИЯ

Истелеева З.Т.

ГУ «Средняя школа №22 отдела образования акимата г. Костаная»

Проблема гражданского воспитания личности непреходяща. В современных условиях острых и духовных конфликтов она приобретает актуальность. Есть факт существования насилия и совершения преступления среди подростков школьного возраста. Откуда же берется деформация нравственных ценностей и ориентиров, которая приводит к правонарушениям?

Гражданское воспитание в современных условиях – целенаправленный, нравственно обусловленный процесс освоения детьми и молодежью навыков демократического самоуправления, укрепления ответственности каждого за политический, нравственный и правовой выбор, за поддержание законопорядка, обороноспособности страны, за максимальное развитие личностью собственных творческих способностей, их реализацию в интересах прогрессивного развития общества и достижения собственного жизненного успеха. С помощью гражданского образования в государстве воспитываются активные граждане. Гражданское воспитание учит понимать стратегию власти и выстраивать свою стратегию – стратегию собственной жизни. Очень важно уметь видеть стратегические возможности страны и свои собственные. Успехи страны и успех каждого отдельного человека зависит от того, как хорошо его выучили на активного гражданина. Об этом отмечается в Государственной программе патриотического воспитания граждан РК на 2006–2008 годы, где обозначена цель: формирование у граждан высокого патриотического сознания, чувства гордости за свою страну, воспитание готовности к выполнению гражданского долга и конституционных обязанностей по защите интересов Родины посредством целенаправленного развития системы патриотического воспитания [1].

Современное общество стремится сформировать определенный тип человека соответственно его социальным, культурным, религиозным, этническим ценностям. В процессе воспитания можно выделить приоритетные задачи гражданского образования:

1. Мировоззренческая подготовка молодежи, определение смысла жизни, ценностного отношения к собственной жизни.

2. Важной задачей воспитания гражданина является приобщение школьников к законам государства, раскрытие объективной необходимости их выполнения, формирование гражданской ответственности. Решение этой задачи способствует развитию потребности в гражданских действиях.

3. Приобщение учащихся к культуре своего Отечества, народа, формирование потребности в высоких культурных и духовных ценностях – еще одна задача воспитания гражданина.

4. Формирование общечеловеческих (народных) норм морали (доброта, взаимопонимание, терпимость и т.д.). Эта задача отражает необходимость формирования качеств, без которых не может быть подлинного гражданина.

5. Развитие внутренней свободы, способности к объективной самооценке и регуляции в поведении, чувства собственного достоинства, самоуважения.

6. Воспитание трудолюбия как высокой ценности в жизни, развитие потребности в творческом труде – составная задача общей системы воспитания гражданина. Проявлением любви к Родине и труду как главным морально-этическим ценностям являются патриотизм и трудолюбие.